



ЖЕДЕЛ ІШЕК

ИНФЕКЦИЯЛАРЫН АЛДЫН АЛУ

Жедел ішек инфекциялары адам ағзасына тамақ, су, кір қолдар, лас ыдыс және тұрмыс заттары арқылы микробтардың түсуі нәтижесінде пайда болады.

Ересектерге қарағанда, балалар бұл ауруға жиі шалдығады!

МЫНА ЕРЕЖЕЛЕРДІ САҚТАУ ҚАЖЕТ:



Ас ішер алдында, дәретханадан кейін қолдарыңызды сабындап жуыңыз!



Үйдегі қоқысты уақытында шығарыңыз!



Тек шөлменелген немесе қайнатылған суды ішіңіз!



Дайындалған тағамдарды ашық қалдырмаңыз!



Көкөністер мен жемістерді мұқият жуыңыз!



Арнайы белгіленген жерлерде ғана суға шомылыңыз!



Ас дайындау, ыдыс жуу және ауыз су үшін арықтардың, ашық айдындардың суын пайдаланбаңыз!



Жылдам бұзылатын тағам түрлерін тоназыпқышта сақтаңыз!

Өмір негізі - ДЕНСАУЛЫҚ! Денсаулық негізі - ТАЗАЛЫҚ!



ЖЕДЕЛ ІШЕК

ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

АТА-АНАЛАР НАЗАРЫНА!

Жедел ішек инфекциясы микробтармен қоздырылып, ауыз қуысы арқылы балалар шөгіне түседі.

Ауру қоздырғышы пастаған тағамдар, су, кір қол арқылы, ойыншықтар және басқа да күтім заттары арқылы ағзаға түседі.

2 жасқа дейінгі балаларда негізінен диарея түрінде болады, *диарея – жиі сұйық ішіну*.

Диарея ағзаны сусыздандыруы мүмкін.

Сусыздану – бұл ағзадағы судың үлкен құрамын және минералын жоғалту. Нәрестелер үшін сусыздану өте қауіпті, тіпті өлімге алып келуі мүмкін.

БАЛАДА ДИАРЕЯ БОЛМАУ ҮШІН, МЫНАНДАЙ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫН САҚТАУ КЕРЕК:

Балаңыз 2 жасқа дейін емшек сүтімен тамақтандырыңыз. Есте сақтаңыз, ана сүтінде баланың алғашқы өміріне қажетті барлық нәрлі зат бар, сонымен қатар, ана сүті баланы жұқпалы аурулардан сақтайды.

6 айыпынан бастап қосымша тамақты дұрыстап беріңіз. Тағамды әзер алдында дайындаңыз. Балаңыз қасықпен тамақтандырыңыз.

Емізер алдында және тамақ дайындар алдында қолыңызды мұқият жуыңыз. Тамақты таза жерде және таза ыдыста дайындаңыз.

Пайдаланылатын су қайнатылған, таза көптілікті мөлшерде бопу керек.

Жеке бас тазалығын сақтаңыз. Ойыншықтарды үнемі таза ұстаңыз, ластанған кезде жуыңыз.

Балаңыз дәрет тазалығын дұрыс қадағалаңыз. Балаңыз дәреттен кейін бірден жуындрыңыз. Содан соң өзіңіздің және балаңыздың қолын жуыңыз.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАШАН ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ?

1. Егер балада өңсіздік немесе мазасыздық пайда болса, бұл аурудың басталуының белгісі;
2. Егер бала су іле алмаса, емшөктен бас тартса немесе шалдесе;
3. Егер дене қызуы 37°C және одан жоғары көтерілсе;
4. Егер жиі құсса және жиі іші өтсе;
5. Егер үлкен дәрет қан араласқан болса.

**ДӘРИГЕРДІҢ КЕҢЕСІНСІЗ БАЛАҢИЗҒА ДӘРІ,
ӘСІРЕСЕ АНТИБИОТИК БЕРМЕНІЗ!
ӨЗ БАЛАҢИЗДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ - ӨЗ ҚОЛЫҢИЗДА**

